

АЛАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№14(24) 5 сәуір 2024 жыл

Аудандық ардагерлер ұйымдарында

ШАРАЛАР ЖОСПАР БОЙЫНШЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Талғар аудандық Ардагерлер кеңесінде аудандағы ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік-мәдени жақтарына мән беріп, оларды жүзеге асыруда өткен жылдары секілді биылғы жылдың бірінші тоқсанында да біраз шаруалар атқарылды деуге толық негіз бар.



Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің реформалары мен жыл сайынғы халыққа Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру бағытындағы үгіт-насихат жұмыстарына ардагерлердің белсенді қатысуын ұйымдастыру негізінде Аудандық президиум мүшелері қаңтар айында семинар өткізсе, ал қала және ауылдық округтерде ақпан айында дөңгелек үстелдер өткізілді.

Сондай-ақ, ақпан айында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» атты сұхбатынан туындайтын міндеттерді талқылау жиындары ардагерлердің кеңесі мүшелерінің қатысуымен, аудандық кітапханада өтті.

Жастарды Әділеттік Қазақстанның жаңа бағытында тәрбиелеу бойынша іс-шаралар ардагерлердің кеңесі мүшелерінің қатысуымен колледждер мен мектептерде өтуде.

Осы жылдың 17-ақпанында облыстық мәслихаттың депутаты Сұлтан Нұрдаулетов, аудандық көкпар федерациясының төрағасы Бердібай Ізтілеуұлы, спорттық іс-шараларды өткізу орталығының басшысы Жандос Бұсырманов және Панфилов ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы ұйымдастыруымен ипподромда көкпар ойыны өкізіліп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Панфилов ауылдық округ әкімі Даулеталиев Дулат марапаттады.

Бастауыш ұйымдарының ролін арттыру мақсатында Алатау, Нұра округтарындағы ардагерлер кеңестерінің жұмыстары ардагерлер кеңесінде наурызда қаралды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен биылдан бастап Наурыз мерекесінің мәртебесі биіктеп, он күн қатарынан тойланатыны бәрімізге белгілі. Осыған

орай 1-наурыздағы алғыс айту күні, 4-наурыз көрісу күндері аудандық мәдениет үйінде өтіп, аудан әкімі төрт адамға алғыс хатпен марапаттап, сыйлық берді. Мәдениет үйінің алдында қазақ үй тігіліп, жиналған ардагерлерге ас берілді.

5-наурыз қайырымдылық күні де өз биігінде өтті десек болады. Ардагерлер қоры мәдениет үйінің әншілерімен бірге қайырымдылық концертін қойды. Талғар қаласы және ауылдық округ басшылары жағдайы нашар ардагерлерге, жетім жесірлерге азық-түлік және отынмен көмектесті.

Халықаралық әйелдер күні 6-шы наурыз мәдениет үйінде өтті. Аудан әкімі «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелерін медальдар мен ауданымыздың өсуіне үлес қосқан біраз апаларымыз бен әйелдерге



сый-сыяпатын тапсырып, алғыс хатпен марапаттады.

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні болып белгіленген 6-наурызда аудан әкімдігінің кіші залында салт-дәстүр бойынша тұсау кесер рәсімі өтті. Қала және ауылдық округтарда құда түсу,

сүндеттеу рәсімі, бесікке салу рәсімі, қыз айттыру, сырға салу, құйрық бауыр рәсімдері халыққа рәсімделді.

7 наурыз-шаңырақ күнінде ардагер ақсақалдар өз шаңырағының басында мерекені қарсы алды және мемлекетіміздің шаңырағы биік, керегесі кең, табалдырығы берік, экономикасы қуатты елдер қатарына енсін деп бата берді.

Ұлттық киім күні болып белгіленген 8-наурызда ардагерлер және аудан тұрғындары Наурызға арналған ұлттық киімдерін дайындап, қызметкерлер, мұғалімдер, оқушылар, медицина қызметкерлері ұлттық киіммен жұмысқа келді.

9 наурыз-жаңару күні. Бұл күні демалыс саябағында ағаштар отырғызылды. Барлық ауылдық округтерде ағаш отырғызу науқаны өтті, тазарту жұмыстары жүргізілді.

10 наурыз Ұлттық спорт күнінде Мұқағали Мақатаевқа арналған қазақша күрестен дәстүрлі турнир Талғар қаласы «Алмалы» спорт кешенінде өтті. Бұл спорт додасын ақындар, жазушылар, өнер қайраткерлері және ақсақалдар тамашалады. Панфилов ауылдық округ ипподромында бұқаралық спорт бөлімінің ұйымдастыруымен көкпар ойыны өтті. Панфилов ауылының ақсақалдары мен тұрғындары тамашалады.

Ынтымақ күнінің идеясы жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлік насихатталады.

22 наурыз Жыл басы мейрамы Алматы спорт мектебінің жанындағы саябақта өтті. 31 қазақ үй тігіліп, артспорт шеберлері өнер көрсетті. Бұқаралық спорт мектебі ұйымдастырған қазақша күрес, білек күресі, қошқар көтер, гир көтеру, тағы сол сияқты ойындар өтті. Сахнада Қазақстанның өнер шеберлері мен аудандық көркемөнерпаздар күшімен театрландырылған Жошы Ханның ерліктерінен үзінді көрсетілді. Осы шараға келген облыс әкімін 500 оқушы Құрманғазының «Ерке сылқым» күйімен қарсы алды.

23 наурыз-тазару күні. Бүкіл қала, ауыл көшелерінде, ауыл аймақта сенбіліктер жүрді. Қоқыстар шығарылды. Әр сенбі сайын тазару күні жалғастыратын бол-

ды. Аудандық ардагерлер кеңесінің қатысуымен келешекте мұндай шаралар өз жалғасын таба беретін болады.

Матан БЕКБОСЫНОВ,
Талғар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданына жаңа әкім тағайындалды
ҚР Президенті Әкімшілігінің және Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты депутаттарының келісімі бойынша Алматы облысы әкімінің өкімімен Талғат Ескендірұлы Байеділов Еңбекшіқазақ ауданының әкімі болып тағайындалды, - деп хабарлайды Kazinform агенттігі.

Талғат Байеділов 1972 жылы туған, қазақ, білімі жоғары, 1998 жылы Қазак мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Жалаңаш ауылында «Тоғызбұлақ» колхозында бастаған.

Әр жылдары «Қазақстан Темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Алматы» қаржы-экономикалық орталығының есепшісі, салық есебі және бақылау бөлімінің экономисі, «Казпочта» Акционерлік Қоғамының Іле аудандық пошта байланысы торабының бастығы, Райымбек ауданы Қарабұлақ селолық округінің әкімі, Райымбек ауданы әкімі аппаратының басшысы, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары, Кеген ауданының әкімі лауазымдарын атқарған.

2023 жылдың наурыз айынан Алматы облыстық маслихатының төрағасы болды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Избран новый председатель Алматинского областного маслихата
Қуат Байгоджаев единогласным голосованием 32 депутатов избран секретарем маслихата Алматинской области, передает корреспондент агентства Kazinform.



Қуат Байгоджаев трудовую деятельность начал в 1983 году учителем средней школы имени Ы. Алтынсарина в селе Шелек. Занимал руководящие должности. Был акимом Корамского, Шелекского, Аватского сельских округов Енбекшиказахского района. Занимал должность советника акима Енбекшиказахского района,

начальника отделов образования, внутренней политики, культуры и развития языков Енбекшиказахского района.

В разные годы был первым заместителем председателя Енбекшиказахского районного филиала партии «AMANAT», исполнителем секретарем Енбекшиказахского районного филиала партии «AMANAT» Енбекшиказахского района, исполнителем секретарем Алматинского областного филиала партии «AMANAT». Он также остается председателем Алматинского областного филиала партии «AMANAT».

Ранее председателем Алматинского областного маслихата был Талгат Байеділов - он назначен акимом Енбекшиказахского района.

Алматы облысында жасырын жер қойнауын қазатындар 4 млрд теңге шығын келтірді

Sputnik. Алматы облысында жер қойнауын өз бетінше қазған 15 факті анықталды, деп хабарлайды облыстық прокуратура. Қылмыстық кодексінің 334-бабын «Жер қойнауын өз бетінше пайдалану» бойынша 5 қылмыстық іс тергеліп жатыр.

Алматы облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы көленкелі жер қойнауын пайдаланудың 15 фактісін анықтады. Қылмыстық кодексінің 334-бабын «Жер қойнауын өз бетінше пайдалану» бойынша 5 қылмыстық іс тергеліп жатыр. Салдарынан қоршаған ортаға 4 млрд теңгеден астам шығын келген.



«Пайдалы қазбаларды өндіруге лицензияларды заңсыз берудің 5 фактісі, келісімшарттық аумақтардан тыс жерлерге шығудың 33 фактісі анықталды. Сондай-ақ су қорғау белдеулерінде пайдалы қазбаларды өндірудің 23 фактісі және санитариялық-қорғау аймақтарының келісімінсіз әрекет еткен 120-ға жуық жер қойнауын пайдаланушы анықталды», - дейді ведомстводағылар.

Үкiлеттi органдардың лауазымды адамдары тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 41 адамға 4 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

АЛЫСТАҒЫ АУЫЛ АТАНСАҚ ТА...



2 бет

ОДИН ИЗ ЛУЧШИХ ЦЕНТРОВ РЕАБИЛИТАЦИИ В РК



3 бет

АҒА ҰРПАҚТЫҢ АМАНАТЫ ЖОЛЫНДА



4 бет

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Әжелер – бізге өнеге, үлгі көрсетер асыл жандар, қазынаның қайнар көзі. Жанұяда бала тәрбиелеуде олардың алатын орны ерекше. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше, қадірлі. Әже-отбасының ғана емес, әулеттің ұйтқысы, ағайын – абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі, әрі ақылгөйі. Шоқан Уәлихановтың Айғаным, Абай атамның Зере, Мұхтар Әуезовтің Дінәсіл әжелерміз-қазыналы бұлақтың қайнар көзі болған асыл аналар.

Мен өзім үлкейіп, ержеткенше әжем Күмістің қасынан бір елі шықпайтынмын. Ол кісі мен мектепте мұғалім боп істеп жүргенде қайтыс болды. Әженің тәрбиесін көрген бала жаман болмайды деп ойлаймын. Қарт кісілер – таусылмас қазына. Жас ұрпақтың ол кісілерден үйренері мол. Әжемнің «айналайын, балам, аман жүр» деген сөзін өзім әже болсам да сағынамын, еске аламын.

Біздің ауданның әр ауылында ардагер әжелер кеңестері жұмыс істейді. Олар ауданда өтетін іс-шаралардан тыс қалмауда. Жасаған жоспар бойынша жұмыс істейміз. Бірақ облыс екіге бөлінгеннен кейін әжелер кеңесі жұмысы облыс бойынша сырт қалған сияқты. Алматы облысы ардагер әжелер кеңесі төрайымы кім екені әлі белгісіз? Бұл туралы мен өз ойымды айтқаным, әлі шешімін тапқан жоқ.

Облыс орталығы Талдықорған болған кезде сол қаладағы 80 жастан асқан Дина Нұрғалиқызы талай іс-шараларды жасап, бізге үлгі бола білген еді.

Қазір мен өзім жоспар бойынша жұмыс істеймін, жұмысымды тоқтатқан емеспін. Бізге жұмыс істеуде аудан әкімі, аудандық кітапхана қызметкерлері, аудандық мәдениет үйі, аудандық білім бөлімі өз көмектерін аямайды. Біздің көп іс-шараларымыз аудандық кітапханада өтеді. Кітапхана директоры



Тұрсынова Аида жас болса да өз көмегін аямайды.

Жақында облыста өткен «Өнерге қарттардың бар таласы» деген жарыста әжелер де өз үлестерін қосты. Кез келген істі аудандық мәдениет үйінде өткізсек мәдениет үйінің директоры Салтанат Ешмұхаметқызы шараның жоғары дәрежеде өтуіне атсалысады. Білім бөлімінің басшысы Мөлдір Ахметжанқызы кез келген шараның гүлін шығарып береді, әжелерге өз қамқорлығын аяған емес. Ауылдағы аузы дуалы, кез келген жерде елді, жұртты, халықты бірлікке шақыратын әжелердің рөлі өте жоғары.

Атырау жерінде өткен құрылтайда мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмай-

ды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар-қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы» деген еді. Өте дұрыс айтылған.

Үлкендерге қарап кейінгі ұрпақ өз жөндерін түзейді. Ауданда үлгі алатын әжелер баршылық. Шошанай ауылында Романова Мария, Сүмбеден Күләйімхан деген әжеміз, Шонжыдан Зләхәм Жалилова, Жалалова Нұрхан әжелер, Қырғызсайдан Шажабеева Ғазиза әжеміз көпке үлгі. Шарын ауылында тұратын бүкіл республикаға танымал, Социалистік Еңбек ері Рахиям Сейітова әжеміз өткен өмірімен бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге болып отыр. Ақындық өнерімен көзге түсіп жүрген дардамтылық Бағила Мұқатайқызы, Тиірменнен Күлимахан Тараншықызы жастарға үлгі. Қолдарынан өнері келіп тұрған, ұлттық құндылықты сақтаған Әділхан сияқты әжені айтпай кету мүмкін емес.

Ауданда, әр ауылда әжелер ансамблі бар. Өзім тұратын Шонжыда «Ақ маңдайлым» әжелер ансамблі өз өнерлерін үнемі көрсетіп жүр, халық әндерін құйқылжыта сала береді. Әжелер – болашақ ұрпақтан үлгі алатын құндылығы. Осы орайда ақын Мұқағали Мақатаевтың «Ақ кимешек көрінсе, сені көрем» өлеңі еске түседі.

Ақ кимешек жоғалмаса екен. Болашаққа үлгі болатын әжелер көп жасасын! Ақыл берер ақ жаулығын жамылған, ақ кимешегін киген әжелер көбейсін, жастарға, жас келіндерге үлгі болатын әжелер өнегесі бізге керек, ол таусылмасын!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданы ардагер әжелер кеңесінің төрайымы.

Қазіргі таңда жас ұрпақты өз халқының өнегесіне, әдет-ғұрпына сай тәрбиелеу күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отыр. Ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық салт-дәстүріміз арқылы жастарды іскерлікке баулумен қатар, баланы сәби кезінен бастап бесік жыры арқылы тәрбиелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қайталанбас мұраларды қалыптастыруда Қарасай аудандық әжелер алқасының еңбегі зор. Жақында мұнда «Анаға құрмет» мұражайының 10 жылдық мерейтойы аясында «Дәстүрді дәріптеген әжелер» атты байқау өткізілді. Ұлттық мұрамызды, озық салт-дәстүрімізді дәріптеу, бесік жырының баланы дамытудағы заманауи мүмкіндіктерін анықтау, әйелдер мен жас қыздарға, келіндерге халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың маңыздылығын түсіндіріп, оларды ұстану, бақытты отбасы құрудың құпияларымен бөлісу мақсатында ұйымдастырылған байқауда әжелер бар мүмкіндіктерін сарқа жұмсап, бесік жырын қалай айтуды көрсетті.

Бала тәрбиесі бесік жырынан



Баланың ең алғашқы тыңдайтын өлеңі-«Бесік жыры». Бұл әнде балаға деген махаббат, ел азаматы болсын деген тілектен туған ойлар жырланады. Қазақ халқы ерте бастан бала тәрбиесін бәрінен жоғары қойған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім бере білген. «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды» деген халқымыз бар ықыласын балаға бөліп, болашағын ойлаған. Сондай-ақ, байқау барысында құрсақ тойы, бесік той, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар көрсетілді. Демек, халқымыздың тәлім-тәрбие беретін

әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылатындығын әжелер дәлелдеп шықты.

Байқау нәтижесінде ұмыт болып жатқан қазақтың салтын, ұлттық дәстүрін нақышына келтіріп орындағаны үшін топ жарып оза шыққан Райымбек ауылдық округінің «Дарига-Дәурен» әжелер ансамблі бас жүлдеге ие болды. Екінші орынды Шамалған ауылдық округінің «Ақ әжелер», ал үшінші орынды Елтай ауылдық округінің «Асыл-әжелер» ансамблі иеленді. Байқау аяғында барлық келген әжелерге сыйлықтар табысталды.

Өз тілшімізден.



АЛЫСТАҒЫ АУЫЛ АТАНСАҚ ТА...

Құйған ауылы-Балқаш ауданының шалғайында орналасқан елді мекен. Бір сөзбен айтсақ, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан балықшылар ауылы. Жергілікті халық өз напақасын Балқаш көлінен алып отыр. Алыстағы ауыл атаңсақ та, көл мен шөлдің түйіскен жеріндегі ауылдың өзіне тән тыныс-тірлігі бар. Ауылдың аға ұрпақ өкілдерінің құрамын негізінен ардагерлер мен зейнеткерлер құрайды. Ауылдың кешегісіне зер салып отыратын ардагерлерді оның келешегі де толғандырады. Ауыл жастарына ағалық жол көрсетіп, ақыл-кеңестерін беріп отыруды әдетке айналдырғаны да өз мойындарындағы жауапкершілікті сезінгеннен болар.

Құйған ауылындағы бастауыш ардагерлер ұйымының есебінде 104 адам тұрады. Олардың дені-тәуелсіздік алғалы өткен отыз жыл көлемінде ауыл экономикасы мен мәдениетіне еңбегі сіңген кешегі еңбек адамдары. Олардың бәрі дерлік бұл күндері ауыл ардагерлері атанған. Осы ардагерлердің ауыл тірлігіне араласпайтын саласы жоқ десек те болады.

Олай болуы да заңдылық деп есептеймін. Судың жетіспеуінен экологиялық қиын жағдайды басынан өткізіп жатқан Іле өзені мен кәрі Балқаштың су деңгейі төмендеп кетуі оларды алаңдатыны анық. Іле өзені мемлекет аралық өзен

болғандықтан бұрынғы деңгейінен көп төмендеп кетіп, қайырланып қалған жерлері көп. Осы жағдайды ауыл халқымен кездесуге келген аудан басшылары, су мамандары алдына шығып, дабыл қағатындары да бар. Оның нәтижесі де жоқ емес. Қайырланып қалған жерлерді



тереңдету жұмысына облыстан қаржы бөлініп, таяуда осы жұмыс қолға алынады деп күтілуде.

Ауыл ардагерлерін толғандыратын тағы бір мәселе-ауыз су жағдайы. Ескі кәріздерді пайдалану мерзімі шығып, көбісі жарамай жатқаны анық. Ауыл ардагерлері мен ауыл әкімінің дабыл қағуы арқасында бұл міндеттің құжаттары экспертизадан өтті. Осы мақсатқа қаржы бөлінеді деп отырмыз. Демек, ол да қолға алынбақшы.

Ауылдағы өзекті мәселенің бірі-денсаулық сақтау ісі. Облыстық «Алатау ардагері» газетінің бастама-сымен жария болған «Билікке айтарым

бар!» атты айдардың газет бетінде дүниеге келуі жанайқайымызды жоғары жаққа жеткізуге мүмкіндік туғызды. Осы мәселеде ауылда медицина кадрларының жоқтығы, одан бөлек ел ауыра қалса, сатып алатын дәріханасы да жоқтығын айтқан болатынбыз. Газет арқылы көтерілген бұл мәселе облыстық денсаулық сақтау басқармасына жеткен болар деп ойлаймыз.

Одан бөлек ауыл ардагерлері жол қатынасының қиындығын, автобустың жүрмейтінін алға тартып, жоғарыда аты аталған газет бетінде мәселе көтерген болатын. Ауыл тұрғындары осы мәселелердің оң шешілуін үміт етіп отыр.

Басқа елді мекендерде өтетін түрлі мерекелер біздің ауылда да атаусыз қалмайды. Таяуда ғана әйелдер мерекесі ауылда өз деңгейінде аталып өтілді деуге негіз

бар. Бес баладан он балаға дейінгі алтын құрсақты аналарға ерекше құрмет көрсетіліп, оларға арналған концерттен бөлек арнайы сый-сыяпаттары берілді.

Наурыз тойының биылғы аталып өту ерекшелігі ескеріліп, жыл басы тойы да өз деңгейінде өткені анық. Мектеп оқушылары өнерлерін сахнадан тамашалаған ауыл қарттары, наурыз көжелерін ішіп, риза көңілмен тарқасты.

Ораза айы кезінде толық емес отбасыларға мешітке берілген зекеттен материалдық көмек берілді.

Балықшылар ауылы болғандықтан ауыл қарттарының басым бөлігі кешегі күні балық шаруашылығында еңбек еткендер екенін жоғарыда айттым. Біздегі атап өтетін мерекелердің ішіндегі ең қадірлісі-Балықшылар күні. Осы мерекеге ерекше мән беріліп, шама жетсе биік дәрежеде өткізуге тырысуда. Бұл күні балық шаруашылығы саласында еңбек етіп жүргендермен қатар кешегі күні осы кәсіптен зейнетке шыққандарды да елеп-ескеріп, әкімдіктен бөлек өздері еңбек еткен мекемелерден сый-сыяпаттарын беріп отыру әдетке айналған.

Алда атқарылар жұмыстар көп. Ауылдық әкімшілікпен қоян-қолтық араласып, сол міндеттерді жүзеге асыруда етер еңбектеріміз ары қарай өз жалғасын таба беретін болады.

Ақбар МОЛДАРОВ,
Құйған ауылдық ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы.
Балқаш ауданы.

Тарихыңды біл!

ҮШ ЖҮЗГЕ ОРТАҚ ТҰЛҒА

Әлмеректің батырлығы, билігі, абыздығының түп арқауы, елдің бірлігіне ынтымағына ұйтқы бола білуінде. Әсіресе қазақ еліне, қазақ жеріне жау анталаған тұста соңынан ергендерді батырлыққа, қайсарлыққа бастай білуі. Әсіресе қазақ үш жүзінің бірлігі жайлы ұстанымы, мәңгілік ел болуды болашақ мұратына айналдыра білуі ол кісінің абыздық қасиетін, әулиелігін көрсетсе керек.



болғанда осы кітаптарды қасыма жерлендер» деп, өсиет айтады. Кейінгі ұрпақтарында да атақты азаматтар бар. Атақты Сұраншы мен Әубәкір батыр Әлмеректің немерелері болып келеді. Кейінгілерден Ұзақ батыр - «Албан көтерілісін» ұйымдастырып, ақ патшаға қарсы соғысқан көзсіз батырлардың бірі. «Әуезовтің қылы» заманында оның басынан өткен оқиға шындықпен сәйкес айтылған. Тұрысбек атаның үлкен баласы Сейіл ел ішінде «Қара молда» атанып кеткен. Атаның кемпірі 1998 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Белбасар ауылында көз алдымызда қайтыс болды. Әлмерек бабамыздың біздің заманымыздағы атақты

тің ұлдары қарсыластарына төтеп берер өнерлерін көрсетеді. Жәнібек жіпше созылып, тарамысша тартылып, садақ ату мен аударыспақтан алдына ешкімді жібермесе, палуандықта өнер көрсеткен Құрман түйе палуанды жеңіп, өгіз көтереді. Малдың бағын білген Бабаның қос аты бәйгенің алдын алады. Шапқан аттың үстінде ерін айырбастан, ат үстінде не бір өнер көрсеткен Қара кісі асқа жиналған елдің тамсанып айтар әңгімесінің арқауы болады. Өмірдегі кәсібі мен бағыттарын анықтаған бес ұл әке мерейін асқақтатып жіберген екен. Әр баласын «жалғызым» деп сүйіп, жүрегіне кең орын берген Әлмерек ұлдарына жауына қарсы, еліне қорған, тірлікке тірек болуға үндеп отырады екен. Ауық-ауық әр жалғыздары жөнінде үніме түс көріп, оны жақсылыққа жорып отырады. Түсінің кейбірін Албанның Сары биіне жорытса, кейде Қанкелді мен Биекіге де жорытқан кездері болған. Түсті Алланың жіберген аяны ретінде қабылдап, тылсым дүниенің хабарын дұрыс қабылдаудың дұрыс мәнін айтады. Сонымен қоса сол хабардың жалғасы болатын, түс көрушінің өзіне байланысты екенін ескертеді. Бабаның түсіне қашан да бірінші болып кіретін «Бесігіне ай түскен Құрман». Қара қойдың ішінде қара атқа мініп жүреді екен. Кейде қыран болып қалқып, қанатын кең жаятын кездері де болған екен. Жәнібек найзасын тасқа қадап, алысқа көз тастайтын көрінеді. Зеңгі Бабаның сіргелігіне жіп байлап, баба жүретін көрінеді. Тоқан түсіне енгенде анық емес, қырынан елес сияқты енетін көрінеді. «Сонда көз жетпес дүниенің көрінісі не болып тұр?» деп қоя салыпты. Қара кісі түсіне енгенде жер ошағына боз торғай «ұя салғанын» көріпті. Жақсының ісі де жақсы, түсі де жақсы дегендей, жақсының жақсы ісі өмірде де жалғасып, өмір желісі ғибадатқа айналған көрінеді. Барына қанағат еткен баба үнемі бақанға май жағып, итке жалатады екен. Бақанға жаққан майды итке нендей ырыммен жалатағынын

сұрағанда «ит жеті қазының бірі, қуанышыңды елінмен бөліссен озасың, итіңмен бөліссең баянды болды» деген екен.

Тәуелсіздігін алған 1990 жылдарының басында елімізге жекешелендіру саясаты жүргізілді. Соның салдарынан шаруашылықтар мен мекемелер таратылып, адамдар жұмыссыз қалды. Ауыл қариялары мен егде тартқан жұмыссыз жастар мешітке жиналып, намаз оқып, әңгімелесіп бос уақыттарын өткізуші еді. Өрге барып келген ағайындар ол жақтағы қиыншылықтарын, Совет елінде қалғандары бұл жақтағы халық басына түскен ауыртпалықтарды әңгімелеп, уақыттарын өткізетін. Сөз арасында қариялардың Әлмерек бабамыздың ел арасында аты аталмай бара жатқандығы жайлы пікірлер қозғала бастады. Бабаның ұрпақтары өз әкелерінің атын айтады. Басқа рулар үлкен бабаларын атап, содан кейін өз аталарын айтады. Сондықтан жас ұрпақтарға алдымен «Әлмерек» бабаны айтып, одан кейін «өз руларың» атаса деген ойлар айтыла бастады. Осы пікірді қолдауға ұйымдастыру жұмыстарын қолға алдық. Арнайы комиссия құрдық. Мәнқиев Нұрқанатқа «Абыз» ақсақал, қарияның суретін салу, Солтанбеков Бексұлтанға Әлмерек бабамыз жайлы шежіре жинақтау тапсырылды. Бұдан басқа ұйымдастыру жұмыстарын әрқайсымыз бөліп алдық. Көлемі 2x1.5 метр келетін плакат жасадық. Бабамызға арнап ас беріп, аудан басшыларын, әр ауылдың ақсақалдарын шақырып, жасаған плакаттарымызды көрсетіп, жиын өткіздік. Халық қолдады. Осы ұсынысты жоғарғы қызметтегі ағаларға жолдадық. Бұл ұсынысты ағалар қолдады. Осылайша, Әлмерек бабамыздың рухын көтеріп, бабамызға ескерткіш қою жөніндегі жұмыстар басталған еді. Содан отыз жыл өткен уақытта ұрпақтардың тілегі орындалды. Жылысай ауылында Әлмерек бабамыздың Жәнібек Баба, Қара кісі, Жұмық, Жайық ұрпақтары мекен етеді.

Жазбалардан жинақтаған
Болат ТАУБАЛДИЕВ,
Алматы облысының
«Құрметті азаматы».
Кеген ауданы.

Әлмеректің соңына ерген батырлары да, өзінің тіке ұрпақтары да Тәңір тауы мен Үйсін тауы, Алатау асқарларынан сонау Шу, Талас, Түркістан маңына дейін барып, жан алысқан сан рет шайқастарда қарсыласын қан құстырып, жетіле түскен. Үш жүздің басы қосылып, атқа қонған тұстан бергі Қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан азат ету күресінің ұйымшылдықпен басталғандығы белгілі. Бабамыздың жоңғарларға қарсылығы жөнінде ірі шайқас Қарадала шайқасы болды. 1683 жылы Қарадала алқабындағы жоңғар қазақ шайқасында жоңғар батыр Шонжының он мың әскерден тұратын шапқыншылық жорығына қарсы Әлмерек батыр қолбасшылық етіп, жеңіске жетеді. Осы соғыста жоңғар қолбасшысы Шонжының Әлмеректен жекпе жекте жеңіліп өлгені. Сол жердің «Шонжы өлген» жер болып аталып, кейіннен өлген деген сөз түсіп «Шонжы» аталып кеткені тарихтан белгілі.

Әлмерек би Ұлы жүздің бас биі Төле бидің билер кеңесінің құрамында болған, жас кезінен бастап жоңғарларға қарсы жасақ ұйымдастырған. Батыр жекпе жекте оң қолына күрзі шоқпар, сол қолына найза ұстап, кез келген қарсыласын жан тәсілім еткен. Қазақ халқының жадында Әлмеректің есімі «Абыз» әулие ретінде көбірек сақталған. Одан Ханкелді, Бақай, Малай, Райымбек батырлар бата алған. Сексенге келген шағында Райымбекке берген бата болжамы дәл келіп, батырдың жолы ашылып, қол бастауы Әлмеректі әулие атандырады. Токсанның үстіне шыққан шағында ел үшін еткен еңбегі және қазақтың бірлігін қорғаудағы қайраткерлік қасиетіне разы болған халық оған «Абыз» деген ат берген.

Әлмерек бабамыздың бір ғана Жетісу аймағына немесе бір ғана Ұлы жүзге емес, Орта жүз бен Кіші жүзге ортақ тұлға екенін айтып кеткен жөн. Біздің бұл пікірімізді «Әлмерек айтты» деп, бүгінгі күні бізге жетіп отырған қазақтың үш баласы ошақтың үш бұтындай бір шеңберге тұтасып тұр емес пе?! Сондықтан, қазақты топқа, жікке бөлуге болмайды. Ошақтың бір бұты кетсе қазан төңкеріледі. Жұмыла көтерген жұп жеңіл, жұдырықтай жұмылған «бәрің жеңеді» деген аталы сөздер растайды. Әлмеректің Төле биді емдеп, жазғаны туралы дастанында «Білетін Әлмеректің қасиетін, Төле би сол үшін де бас иетін» деген өлең жолдары одан әрі толықтыра түседі. Төле би тәу өткен абыз кімді болса да



өзіне тәу еткізбей ме? Қытайдағы аты шулы мәдени төңкеріс кезінде ескіліктің қалдығы ретінде имамдар мен олардың қолындағы кітаптарды жоя бастайды. Атамыздың ескіден келе жатқан көптеген кітаптары болыпты. Ол кісі көзі тірісінде заманның ауанын байқап, балаларына осы кітаптарды киізге орап көмдіреді. «Мен қайтыс

ұрпағы Бердібек Соқпақбаев-Кеңес үкіметінің тар заманын мойындай алмай, кең дүниеге сыймай кеткендердің бірі.

«Бақ- дәулет бірлікте, Атқарылған тірлікте» деген жігіт ағасы Әлмерек өзінің бес баласымен бірде үлкен асқа барады. Бақтың сыналар шағы келеді. Албан руының намысын қорғаған Әлмерек-

Благотворить

ОДИН ИЗ ЛУЧШИХ ЦЕНТРОВ РЕАБИЛИТАЦИИ В РК

Десять лет успешно работает в Талгарском районе. Недавно в день великого поста Рамадан в селе Кызылкайрат Талгарского района прошел аузашар для гостей нового реабилитационного центра «Ак жол-М». Как пояснила директор центра Рушангуль Тохтахунова, официальных открытий было два. Одно - зимой, в конце февраля т.г, когда центр посетил председатель правления ОФ «Казакстан халқына» Булат Жамишев. Второе состоялось весной, в марте, в месяц Рамадан. Дата была выбрана неслучайно, так как ровно три года назад был заложен первый камень нового корпуса. Словом, это мероприятие можно назвать и как презентацию, и как отчет перед населением о полном запуске Реабилитационного центра «Ак жол-М», в священный для всех мусульман Ораза айт.

Среди почетных гостей были депутаты парламата РК Руслан Берденов, Динара Наумова, руководитель областного управления занятости Айгуль Ахметова, советник председателя республиканского профсоюза QazMed Елжан Биртанов, представители ОФ «Шугыла», ОФ «Асар Уме», имам мечети «Нур Муба-

Т. выразили благодарность Фонду «Казакстан Халқына» за важную поддержку начатого благотворительного проекта.

Напомним, что данный фонд, создан по инициативе президента К. Ж Токаева. Два года назад Касым-Жомарт Кемелевич говорил о необходимости создания общественного, социального фонда для решения про-

также поблагодарили всех неравнодушных людей, участвовавших в благотворительном проекте.

Сегодня здесь находится на учете 300 детей с различными заболеваниями.

Более 50 специалистов оказывают детям широкий спектр различных услуг. Потребность в реабилитации - не менее тысячи детей. Рушангуль Ибраимовна отметила: «От себя хочу добавить, что мы потратили 10 лет на реализацию доступной для сельской местности реабилитации детей с различными заболеваниями. Это очень актуальная проблема как для региона, так и страны в целом. Мы являемся единственным такого рода учреждением в сельской местности, оказывающим услуги на бесплатной основе. И еще РЦ «Ак жол-М» - первый объект, построенный в сфере детской реабилитации исключительно на народные пожертвования».

Как говорится, с почином! Пусть таких проектов будет больше, ибо это показатель зрелости и ответственности перед обществом состоятельных, богатых, духовных людей в развитых государствах, к числу которых мы стремимся.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Талгарский район.
Снимки предоставлены
администрацией РЦ «Ак жол-М».



рак» Кайрат Жолдыбайұлы, бизнесмен, председатель совета директоров ряда общественных фондов Сырымбек Тау, предприниматели, меценаты, блогеры, друзья центра - всего более 300 человек.

Организаторы строительства Кайрат Жолдыбайұлы, Сырымбек Тау и Адильжан

блем в здравоохранении, образовании и социальной поддержке, заявив: «Пришло время отдать должное народу». Данный фонд закупил для реабилитационного центра самое передовое инновационное медицинское оборудование, современные тренажеры и устройства. Выступавшие

